

## БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

**«Информатика әлемі» тақырыбындағы 3 сыныптар аралығындағы сайыс сабақ**ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.11.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/62964/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**«Информатика әлемі» тақырыбындағы 3 сыныптар аралығындағы сайыс сабақ**

**Мақсаты:** Оқушылардың информатика пәнінен алған білімдерін байқау. Логикалық ойлауы мен танымдық қабілетін дамыта отырып пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыру. Өз беттерінше білім деңгейлерін көтеруге жағдай жасау. Оқушыларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, тақырыпқа сай слайд, плакаттар, шар;

**Сайыс кезеңдері:**

1. «Шын жүйрікте шаршау жоқ» кезеңі /информатика пәнінен сұрақ-жауап, **иә-жоқ**/
2. «Білгір болсаң тауып көр» кезеңі / математика пәнінен есептер/
3. «Білгенге маржан» кезеңі /адасқан сөздер/

4. «Шешуін тап» жасырын жұмбақ /орысша,ағылшынша аудармасымен/

5. «Компьютердің даму тарихы, пайдасы мен зияны» -пікірсайыс

### **Сайысқа қатысушы топтар:**

1. 3 «А» сынып оқушыларынан құралған «Жүйелік блок» тобы
2. 3 «Б» сынып оқушыларынан құралған «Монитор» тобы
3. 3 «В» сынып оқушыларынан құралған «Пернетақта» тобы

### **«Жүйелік блок» тобы 3 А сыныбы**

Жеңіспен мәреге барайық,

Жеңістің ұранын салайық.

### **«Монитор» тобы: 3 Б сыныбы**

Жарыс десе жанамыз,

Бүгінгі күн жарысты алғырлықпен аламыз.

### **«Пернетақта» тобы 3 В сыныбы**

Қандай сынақ болса – дағы беріспе,

Әрқашанда үміткерміз жеңіске.

## **Барысы:**

### **I кезең: «Шын жүйрікте шаршау жоқ» кезеңі**

Ойынның шарты: Әр командаға 6 сұрақтан қойылады. Әр дұрыс жауап 5 ұпай деп саналады. Сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруі тиіс.

#### **I командаға**

1. Қазіргі компьютерлердің пернетақтасында 80 перне болады. (жоқ)
2. Баспаға шығару құрылғысы пернетақта деп аталады. (жоқ)

3. Пернетақта компьютерге ақпаратты енгізу құрылғысы. (ия)
4. Ең алғашқы ЭЕМ 1946 жылы АҚШ — та пайда болды.(ия)
5. Тышқан ақпаратты сақтауға арналған құрылғы. (жоқ)
6. Адам ақпаратты сақтай алмайды. (жоқ)

## **II командаға**

1. Delete алдыңғы символды өшіру пернесі (жоқ)
2. «Информатика» пәні ЭЕМ — нің көмегімен ақпараттарды жинау, сақтау, өңдеу заңдылықтарын зерттейтін ғылым. (ия)
3. Сканер ақпаратты енгізу құрылғысы. (ия)
4. Электронды есептеуіш техниканың даму тарихы бірнеше буындарға бөлінеді. (ия)
5. ЭЕМ — нің даму тарихы 7 буыннан тұрады. (жоқ)
6. Процессор — ол компьютердің миы. (ия)

## **III командаға:**

1. Адам ақпаратты сақтай алмайды. (жоқ)
2. 1 Мегабайт 8 байтқа тең. (жоқ)
3. Процессор — ол компьютердің миы. (ия)
4. Пернетақта, сканер ДК — дің сыртқы құрылғыларына жатады. (ия)
5. Принтер — ақпаратты қағазға басып шығаратын құрылғы. (ия)
6. 1846 жылы Бэббидж машинасына программа жазған Ада Лавлейс. (ия)

## II кезең: «Білгір болсаң тауып көр» кезеңі

/Математика есептері/

### I топ: «Жүйелік блок» тобы

$$9+7=16$$

$$14-8=6$$

$$8*6=48$$

$$21:7=3$$

$$16+7=23$$

### II топ: «Монитор» тобы

$$38-14=24$$

$$72:8=9$$

$$18+9=27$$

$$27*3=81$$

$$81-9=72$$

### III топ: «Пернетақта» тобы

$$23+7=30$$

$$39-8=31$$

$$21*2=42$$

$$72:4=18$$

$$66+15=81$$

### III кезең: «Білгенге маржан» кезеңі

/адасқан әріптерден сөз құрау/

РИПРНЕТ-ПРИНТЕР

ЕЖЙҮКІЛКОЛЬ-ЖҮЙЕЛІК БЛОК

ШЫҚНАТ-ТЫШҚАН

АТРЕНЕАТПҚ-ПЕРНЕТАҚТА

ВРДЙАЕР-ДРАЙВЕР

РАКЭН-ЭКРАН

ҚАЛҚҰАПҚ-ҚҰЛАҚҚАП

РЕТЬЮОКМП — КОМПЬЮТЕР

КАНСЕР-СКАНЕР

АДЖ-ЖАД

### IV кезең: «Шешуін тап» жасырын жұмбақ

/орысша,ағылшынша аудармасы/

1. Жануарға ұқсас атым бар

Бағдар көрсетер затым бар

Кілемше үстінде тұрамын,

Ең қажетті құралмын.

**(тышқан), (mouse), (мышка)**

2. Компьютерге енеді,

Қағазға басып береді. (басып шығарғыш), (printer),  
(принтер)

3. Экранның бетінде оның тұрағы,

Қашан болсын жыпылықтап тұрады (меңзер), (курсор), (mouse  
pointer)

4. Өзі темір, жаны жоқ,

Ақпаратты сақтап таратқан.

Жұртты өзіне қаратқан (компьютер), (компьютер), (computer)

5. Барлық сурет, мәтінді.

Компьютерге енгізген

Керек емес жерінде

Компьютерден өшірген. (мәтіналғы), (сканер),  
(scanner)

6. Қанша тетік тізілген,

Саусағыңды сезінген

Барлық сенің ойыңды

Компьютерге енгізген (пернетақта), (клавиатура),

(keyboard)

**V кезең: «Компьютердің даму тарихы, пайдасы мен зияны»**

/оқушылар плакаттағы компьютердің суретіне «Компьютердің пайдасы мен зияны даму тарихы» тақырыбына өз пікірлерін жазып іледі/

***Компьютердің зияны***  
***Компьютердің пайдасы***

# *Компьютердің даму тарихы*

## I-топ «Жүйелік блок» тобы

№	Адасқан сөздер	Дұрыс жауап
1	РИПРНЕТ	
2	ЕЖЙҮКІЛКОЛБ	
3	ШЫҚНАТ	
4	АТРЕНЕАТПҚ	
5	ВРДЙАЕР	
6	РАКЭН	
7	ҚАЛҚҰАПҚ	
8	РЕТЬЮОКМП	
9	КАНСЕР	
10	АДЖ	

## II-топ «Монитор» тобы

№	Адасқан сөздер	Дұрыс жауап
1	РИПРНЕТ	
2	ЕЖЙҮКІЛКОЛБ	
3	ШЫҚНАТ	
4	АТРЕНЕАТПҚ	
5	ВРДЙАЕР	
6	РАКЭН	
7	ҚАЛҚҰАПҚ	
8	РЕТЬЮОКМП	
9	КАНСЕР	
10	АДЖ	

---

## III-топ «Пернетақта» тобы

№	Адасқан сөздер	Дұрыс жауап
1	РИПРНЕТ	
2	ЕЖЙҮКІЛКОЛБ	
3	ШЫҚНАТ	
4	АТРЕНЕАТПҚ	
5	ВРДЙАЕР	
6	РАКЭН	
7	ҚАЛҚҰАПҚ	
8	РЕТЬЮОКМП	
9	КАНСЕР	
10	АДЖ	

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.